

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 шілдедегі N 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 28 қаңтардағы N 6 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 11 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5592 болып енгізілді.

Қолданушылардың назарына!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқарудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының орналастыру үшін рұқсат етілген қаржы құралдарын нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 шілдедегі N 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4361 тіркелген; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4764 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 шілдедегі N 65 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 49, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5326 тіркелген; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 шілдедегі N 65 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 65 қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен қоса) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесінде:

12 - тармақта:

екінші абзацта:

"US Treasury" деген әріптер мен сөз "U.S.Treasuries" деген әріптермен және сөзбен ауыстырылсын;

"(G0Q0)" деген әріптер мен цифрлар ", 1-5 Yrs (GVQ0)" деген әріптермен және
цифрлармен ауыстырылсын;

"(EG00)" деген әріптер мен цифрлар ", 1-10 Yrs (EG05)" деген әріптермен және
цифрлармен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"UK" деген әріптер "U.K." деген әріптермен ауыстырылсын;

"(G0L0)" деген әріптер мен цифрлар ", 1-10 Yrs (G5L0)" деген әріптермен және
цифрлармен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "(G0Y0)" деген әріптер мен цифрлар ", 1-10 Yrs (G5Y0)" деген
әріптермен және цифрлармен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "(G0T0)" деген әріптер мен цифрлар ", 1-10 Yrs (G5T0)" деген
әріптермен және цифрлармен ауыстырылсын;

28 және 29-тармақтардың екінші абзацтары алынып тасталсын;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Қордың активтері инвестициялануы мүмкін қаржы құралдары Қазақстан
Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша
Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық Банкпен бірлесіп айқындайтын,
материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат берілген қаржы құралдарының
тізбесімен бекітіледі.

Сенімгерлік басқару кезінде активтік және сол сияқты пассивтік басқаруды
қолданыла алады.

Осы Ережеде көзделген шектеулер материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат
берілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес сатып алынған Қазақстанның қаржы
құралдарына қолданылмайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару
жөніндегі кеңестің ұсынымдарына сәйкес сатып алынған Қазақстанның қаржы
құралдары тұрақтандыру және жинақ портфельдері құрылымының есебінде, сондай-ақ
кірістілік пен тәуекелдер (дюрация, tracking error) есебінде ескерілмейді.";

3-тарау мынадай мазмұндағы 35-1 және 35-2-тармақтармен толықтырылсын:

"35-1. Валютамен операциялар жинақ және тұрақтандыру портфельдерінің
эталондық портфеліне кіретін елдердің валюталарын сатып алумен және сатумен
шектеледі.

35-2. Қолма-қол ақшаның қалдықтарын инвестициялау AAАm - Standart & Poog's
рейтингі бар ақша нарығының қорларына немесе Аaa - Moody's немесе AAАm - Standart
& Poog's немесе Аaa - Moody's рейтингі бар қорларға қойылатын барлық талаптарды
орындайтын ақша нарығының қорларына жүзеге асырылады."

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі. Осы қаулының 1
-тармағының он үшінші, он төртінші және он сегізінші абзацтарының қолданылуы 2009
жылғы 28 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Герасименко Ю.В.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, өкілдіктеріне және ұйымдарына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.М. Сартбаевқа жүктелсін.

Төрағасы *Г. Марченко*

Ұ л т т ы қ Б а н к

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і

— — — — — Б . Ж ә м і ш е в

2009 жыл 4 наурыз